

СЕКЦИЯ № 3. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ УГОЛОВНОГО, УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И КРИМИНОЛОГИИ В СТРАТЕГИИ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

А. С. АСКАРОВА, ҚР ІІМ Б. БЕЙСЕНОВА АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАН ДА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бастап, өзін демократиялық, унитарлық және құқықтық мемлекет деп жарияланғаннан бастап әлеуметтік-экономикалық, саяси, индустриялық-инновациялық жағынан біршама ауқымды жетістіктерге жетті. Әрине, дүниежүзілік экономика жүйесінің ілгері басуы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау үшін жаңа мүмкіншіліктерін туғызады. 2012 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының алтыншы «Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту» атты бағытында: «Жаңғыртудың ең маңызды мәселелерінің бірі — сыбайлас жемқорлықпен кесімді күрес. Біздің бұл бағыттағы іс-әрекеттеріміз мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық деңгейін едәуір төмендетті. Мұны халықаралық сарапшылар атап айтуда. Алайда бізге сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын жасау қажет. Паракорларды анықтау және сотқа тарту жеткіліксіз. Жаңа құқықтық тетіктерді, ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалану, жұртшылықты жемқорлық тәртіп бұзушылықты ескерту мен алдын алуға кеңінен тарту керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді бағдарлама дайындап, ұсынуды тапсырамын»¹ деп анық көрсетілген. Елімізде құқықтық реформалар, бағдарламалар, әлеуметтік саясаттар дайындалып жүргізілуде. Құқықтық салада сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелеріне көп назар аударылады, әсіресе мемлекеттік органдардың арасындағы жасалынатын құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың өршіп бара жатқанына назар салуымыз қажет.

Себебі, 2010 жылғы статистикалық ақпараттарға сүйенетін болсақ, ішкі істер органдардың қызметкерлеріне қатысты 467 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде 218 қылмыстық іс сыбайлас жемқорлық баптарымен қозғалған. Аталған сыбайлас жемқорлықпен қозғалған қылмыстық істер бойынша 60 қызметкер сотталған. Ал 2009 жылы қызметкерлерге қатысты 490 қылмыстық іс, оның ішінде 171 қылмыстық іс сыбайлас жемқорлықпен қозғалған, ал сотқа жіберілген қылмыстық істер саны 48 болды. Статистикалық ақпараттарды салыстыратын болсақ, 2009 жылы жалпы қозғалған қылмыстардың саны 2010 жылға қарағанда көп болғанмен, сыбайлас жемқорлық қылмыстармен қозғалған қылмыстық істер мен сотталғандардың саны ұлғайғанын аңғаруға болады (27 %) ².

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған кешенді бағдарламалар жүргізілгенмен, бұл санаттағы қылмыстардың азаймай, керісінше ұлғайғаны байқалады. Солай бола тұрса да, біздің елде сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында әртүрлі іс-шаралар қолданып, нәтижесін беруде. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында алдын алу шараларының бірқатар тізімі көрсетілген. Алдын алу шараларының жалпы түрлері Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы, 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» және осы тектер нормативтік-құқықтық актілер де енгізілген. Сол сияқты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 522 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2011-2013 жылдарға арналған бағдарламасын» Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Өзіндік қауіпсіздік департаменті дайындаған. Бұл бағдарламаны әзірлеуге негіздеме болған - Қазақстан Республикасы ІІМ Алқасының 2010 жылғы 14 қазандағы № 7 МА шешімі.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламаға тоқталатын болсақ, ІІО сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасаудың тиімділігін арттыру, полиция қызметкерлерімен жасалынатын құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу сияқты мақсат-міндеттері 2011-2013 жылдарға арналған. Қазақстан Республикасы ІІМ ӨҚД-нің бағдарламасында ІІО сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөнінде қабылданып жатқан шаралар талданып, бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері және бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары көрсетілген. «Ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөнінде қабылданып жатқан шараларды талдау» тармағында ІІМ-нің жүйесінде жүргізіліп жатқан іс-қимылдар сипатталған, яғни

өңірлік органдар басшыларының, учаскелік инспекторларының халықпен ұдайы кездесулері, журналистермен апталық брифингтері, ПМ, ПД-нің интернет-сайттары және жеке блогтары өткізілуде; БАҚ күнделікті мониторингі ұйымдастырылады және ПО-мен тығыз байланыста болады; барлық ішкі істер органдарында сенім телефондары жұмыс істейді; халықпен тікелей байланыста жұмыс істейтін қызметтер үнемі бейне бақылау жүйесімен жабдықталған жағдайларда жұмыс істейді; атқарып отырған лауазымдарда 5 жылдан астам уақыт жұмыс істеген басшы кадрларды ротациялау жүргізілуде. «Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі» тармағында ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмысты ұйымдастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу полицияның жағымды жағын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қажетті нормативтік-құқықтық базаны құру бағыттары аталған. «Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» тармағында ұйымдастырушылық іс-шаралар, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, кадр және тәрбие жұмысын жетілдіру, қызмет желілері бойынша алдын алу жұмыстары, жедел-сақтандыру іс-шаралары, БАҚ-пен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасауды жандандыру сияқты шаралары жоспарланған, Әрине бұл бағдарлама соңғы және де тұжырымды бағдарлама емес екендігін білеміз. Сонда да бұл бағдарламаға біз көңіл бөлмей қоймауымыз қажет, себебі бұл бағдарламада сыбайлас жемқорлықпен күресудегі ішкі істер органдарының алдағы 2013 жылға дейінгі әрекеттері ұйымдастырылған.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар, мақсаттар және бағдарламадағы басқа да амалдар тәжірибеде іс жүзінде жүзеге асырылса дұрыс болар еді. Әсіресе бағдарламада БАҚ-тың қызметімен тығыз байланыста болу шарасы, сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында тиімді нәтижеге әкелетініне сенімдіміз. Әрбір сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бүкіл жұртқа жария болу қажет. Елдің санасында үрейін тудыратын бейне роликтерді, мақалаларды, жарияламаларды көбейту қажет. Сонымен бірге БАҚ-та лауазымды тұлғалардың табыстары, шығыстары және мүліктік жағдайлары туралы жария етуді міндетті етіп бекіту қажет. Ал күмәнді мәліметтер бергені үшін лауазымнан босату (жұмыстан шығару) сияқты жауаптылықтар анықталу қажет.

Сондай-ақ, Қаржы полициясы академиясының заң ғылымдарының кандидаты Р. Тілеухан сыбайлас жемқорлықпен күресті жетілдіру үшін төмендегідей шараларды ұсынды:

Сыбайлас жемқорлық күйі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың шараларын жүзеге асыру туралы есептерді үнемі жария ету;

Азаматтық қоғамға мемлекеттік қызметтің құрылымы туралы барынша ақпаратты үнемі ұсыну қажет (бұл азаматтарға шенеуліктердің белгілі бір стандарттарды сақтауды талап етуге және олардың заңсыз шешімдеріне шағым беруге мүмкіндік береді);

Түрлі-түрлі лицензиялар мен рұқсат беру қағаздарын алу тәртібін мүмкіндігінше оңайлату және азайту және т. б.³

Сонымен бірге ПМ-дегі кадрлар қызметіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Кадрлармен жұмысты оның дайындығына, біліктілігіне және тағайындалатын лауазымының басқа да параметрлеріне қарамастан таныстық және туыстық қатынастарға емес, демократиялық тәсілдерге сүйеніп ұйымдастыруымыз қажет.

Қорытындылай келе, қызметкердің біліктілігіне, қызметінің тәжірибесі мен нәтижесіне сәйкес, конкурстар, аттестаттау жүргізу, мамандандырылған емтихандардың нәтижелерін қолданып, оған қызмет бабымен өсуге мүмкіндік берілу қажет. Мемлекеттік қызметті өткеру, оқу, кадрларды іріктеп алу және орналастыру тәртібін жетілдіру сияқты іс-шаралар құқық қорғау қызметі жүйесінде сауатсыз, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарын жасауға бейім қызметкерлерден тазартуға мүмкіндік береді.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 ж. 21 қаңтар.

² Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2009 жылдан 2010 жылға дейінгі статистикалық ақпараты

³ Р. Тлеухан Проблемы совершенствования антикоррупционного уголовного законодательства в Республике Казахстан // «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 10 жыл: қазіргі қылмыстық-құқықтық саясат, құқық қолданушылық тәжірибе және қылмыстық заңнаманы жетілдіру» халықаралық ғыл.-тәж. конферен. матер. —• Астана, 2007. — 44-47-66.